

## ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

**1. Жоба тақырыбының атауы:** Транслингвалды және трансмәдени қарым-қатынастар жағдайындағы заманауи қазақстандық реалийлердің көптілді электронды ассоциативті сөздігін құру

### **2. Жоба рефераты (абстракт).**

Жобаның өзектілігі біріншіден, дерекқорды автоматтандыруға, мәтіндер мен эксперименталды мәліметтерді компьютерлік өңдеуіне мүмкіндіктер туғызатын, лингвистикалық зерттеулер рәсіміне зияткерлік ақпараттық технологияларды енгізу қажеттілігімен белгіленеді; екіншіден, әлеуметтік тәжірибе ықпалымен қалыптасқан білімдер мен вербалды ассоциациялар арасындағы байланыс идеясы негізінде пайда болатын анықтамалық басылымдардың жаңа түрі – көптілді электронды ассоциативті сөздіктердің қазақстандық лингвистикада жоқтығымен өлшенеді; үшіншіден, қазіргі транслингвалды және трансмәдени байланыстар жағдайында заманауи Қазақстанның «бейнесі» қазақстандықтар мен шетелдіктер үшін мақсатты қалыптастыру нысаны болу міндетті. Ғылыми зерттеудің әдіснамасы тілдік бірліктердің семантикасын психоллингвистикалық талдау әдіс ретінде қолданылатын жаппай ассоциативті эксперимент негізінде заманауи қазақстандық реалийлер туралы түсініктерін вербалды нысанда беретін әртүрлі мәдениет өкілдерінің тілдік санасының үзіндісі феноменін зерделеу. Нәтижесінде жаңа инновациялық IT-өнім – заманауи қазақстандық реалийлердің көптілді (қазақша-орысша-ағылшынша-қытайша) электронды ассоциативті сөздігі құрылады. Ассоциативті сөздіктер анықтамалық басылым ретінде көпшілік тұтынушыларға – лингвисттер, аудармашылар, журналистер, психологтар мен социологтар, студенттер мен оқушылар, сонымен қатар, Қазақстан туралы фондық және энциклопедиялық білімдерін кеңейту үшін шетел азамттарына да арналады.

### **3. Жоба мақсаты мен міндеттері**

Жобаның мақсаты – ғылыми зерттеулер мен қолданбалы әзірлемелерді кейінгі кешенді автоматтандыру мақсатында жаппай ассоциативті эксперимент негізінде қарқынды мәдениаралық әрекеттестік жағдайындағы трансмәдени тұлғаның тілдік санасындағы заманауи қазақстандық реалийлер туралы әлеуметтік-мәдени ассоциативті түсініктерін жүйелейтін ақпараттық ресурс және лингвистикалық дереккөз болып табылатын көптілді (қазақша-орысша-ағылшынша-қытайша) электронды ассоциативті сөздігін жетілдіріп, құру.

Міндеттері: әлеуметтік тәжірибе ықпалымен, БАҚ-ның сөйлеу әсері және трансмәдени әрекеттестік нәтижесінде қалыптасқан заманауи қазақстандық реалийлер туралы автостереотипті және гетеростереотипті түсініктерді айқындайтын әртүрлі фрейм-құрылымдарды зерттеу және сипаттау; заманауи Қазақстанның «бейнесін» қалыптастыру және оны трансмәдени тілдік тұлғаның қабылдауы мақсатымен тілдік сананың үзіндісін зерделеу; өз бойында әртүрлі мәдениеттердің элементтерін үйлестіретін трансмәдени тұлға ретінде қабылданатын қазақ, орыс, американдық және қытай этностары өкілдерінің қатысуымен ассоциативті тест арқылы жаппай ассоциативті эксперимент жүргізу және тәжірибелік материалды даярлау; деректер жинауды, статистикалық талдауды автоматтандыру үшін компьютерлік бағдарламаларды, сонымен қатар жергілікті нұсқадағы (Microsoft Access дерекқор форматында) эксперименттің компьютерлік дерекқорын және сол дерекқорды басқару жүйесін құру; заманауи қазақстандық реалийлердің көптілді электронды ассоциативті сөздігінің екі проекциясын: стимулдан реакцияға (Тура сөздік) және реакциядан стимулға (Кері сөздік) әзірлеп, құру.

**4. Кілт сөздер:** компьютерлік лингвистика, ассоциативтік сөздік, ассоциативтік эксперимент, заманауи қазақстандық реалийлер, трансмәдени тұлға